

Қ.Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік
Университеті
Медицина факультеті

Тақырыбы: *Науқасты қарау кезіндегі ережелер мен тәртіптер*

Қабылдаған: Жүнісова Ж.Б.
Орындаған: Койшибек Е.Р.
Тобы: ЖМ – 412

Жоспары

1. Науқасты қарауға дайындау
2. Науқасты қарайтын процедуралық бөлме
3. Науқасты қараудың ретін сақтау
4. Жалпы қарау
5. Мүшелерді жеке тексеру
6. Жүйелерге сай тексеру
7. Науқас пальпациясы
8. Науқастың білек және ұйқы артериясының пульсациясына баға беру

Науқасты қарауға дайындау

- Науқас денесінің барлық бөліктері қарауға дейін жалаңаштануы қажет
- Дұрыс қарау үшін науқастың толықтай жалаңаштанғаны жөн, алайда, мұндай қарау жағдайы аса ауыр науқастарға жүргізіліп отырады
- Жиі жағдайда науқас кезектеп жалаңаштанады: алғашында денесінің жоғарғы жағын қарап жатқанда, ол тек жейдесін шешеді, ал денесінің төменгі жағына өткен кезде қалған бөлігіндегі киімдерін шешеді.

Науқасты қарайтын процедуралық бөлме

- Науқасты қарайтын процедуралық бөлмеге келер болсақ, ол бөлме жылы әрі табиғи күн сәулесі жақсы түсетін жарық бөлмеде өтуі тиіс
- Науқас тура және жанама шашыранды сәуле арқылы қаралып отырады
- Тура сәуле көмегімен науқас денесінің түрлі дефекттері, терісінің түсі, көздің кілегейлі қабығын, ауыз қуысын карауға болады
- Ал жанама шашыранды сәуле көмегімен дененің көлемі және түрлі ішкі мүшелердің қимыл қозғалыстарын бақылауға болады

Науқасты қараудың ретін сақтау

- Аурудың белгілеріне қарай науқас басынан аяғының ұшына дейін толық қаралып шығу қажет
- Қарау вертикальды, горизонтальды және қажеттілігіне қарай бір жанына жатқызылып, алға, жанына еңкейтіліп немесе физикалық күш түсіп тұрған кезде тексереді

Жалпы қарау

- Жалпы қараудың науқастың келесі емделуі үшін маңызы өте зор, осы кезде дәрігер науқас туралы өте көп мағлұмат алады. Дәрігер науқастың қалыпты жағдайы туралы немесе ішкі мүшелері жағынан болып жатқан түрлі паталогиялардың сыртқы көрінісі туралы мәлімет жинайды. Жалпы қарау науқастың жасы туралы, оның санасы туралы, дене салмағы, бойы туралы, бұлшық еттерінің жағдайы туралы, сүйектерінің жағдайы туралы толық мәлімет береді

Мүшелерді жеке тексеру

- Мүшелерді жеке тексеру ол қандайда бір мүшенің функционалды жайдайы туралы мәлімет береді, бұл жерде бас, мұрын қуысы, ауыз қуысы, көз, құлақ, мойын, қалқанша безі, сүт бездері, жыныстық мүшелері жеке тексеріледі

Жүйелерге сай тексеру

- Тыныс алу жүйесі
- Жүрек қантамыр жүйесі
- Бауыр және ұйқы безі
- Зәр шығару жүйесі
- Жыныс жүйесі
- Эндокриндік жүйе
- Жүйке жүйесі

Жеке алып қаралады,және оның қалыпты жағдайы бақыланады.


Науқас пальпациясы

- Бұл әдіс негізінен дәрігердің сипап сезу жүйесіне негізделген.
- Ол белгілі бір мүшені сипап, оған қандайда бір физикалық әсер тигізе отырып, сол мүшенің концистенциясына, маңындағы мүшелермен қатысына, температурасына, көлеміне, тұрған қалыпына, ауырсынуына, қозғалғыштығына, ылғалдылығына аса мән береді. Бұл әдіс нақты диагноз қою үшін аса маңызды рөл атқарады.

Науқастың білек және ұйқы

артериясының пульсациясына баға беру

- Науқастың келесі кезектегі диагнозына қажетті әдістердің бірі оның білек және ұйқы артериясының пульсациясына баға беру болып табылады.
- Қантамырдың соғуындағы Ритмі, жиілігі, қысымы, толықтығы және пульстің көлеміне мән беріледі.
- Ұйқы артериясының пальпациясы: Кеңірдек маңындағы артерия қабырғасына оң қолдың екі немесе үш саусағының жұмсақ жағымен басамыз, артерияда қан қысымы жоғары болғандықтан ондағы пульс өте жақсы сезіледі.
- Білек артериясына шынтақтың алдыңғы жағында пальпация жүргізіледі.







**Назарларыңызға
Рахмет!**